

үйренген». Әділетті ветеринар пысықай көпестердің тойымсыз қарекеттерін осылай әшкерелеген. Осындай шындықты ашық айтқан жәрменке төрағасына көпестер қарсы әрекет жасайды. 1907 жылы көпестер Семей губернаторына: «Бұрынғы заңдылықтарды пайдалана отырып, жәрменке төрағасын қарқаралылықтардан әрі ветеринардан тағайындамау керек» деген ұсыныс жіберген.

Қорытындылай келе жоғарыда келтірілген деректерден Қоянды жәрменкесі сол кездегі қазақ даласында үстемдік еткен патша өкіметі отаршылдық саясатын экономикалық тұрғыдан жүзеге асырудың бір құралына айналғанын көруге болады. Қоянды жәрменкесінің саудагерлерге және өнерпаздардың атыны шығыуна пайда тиген болатын. Жәрменке ең үкен әрі қарқынды түрде саудасаттықты дамытқан үлкен жәрменкелердің бірі болған еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): бес томдық. - Алматы: Атамұра, 2002. 3-том. - 768 б.
2. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов. Основы жизнедеятельности номадного общества. - Алматы - М., 1995.
3. Шаймуханов Д.А., Шаймуханова С.Д. Карлаг. - Караганда, 1997.

СӘМЕКЕ ХАН: САЯСАТКЕР, ҚОЛБАСШЫ, ТҮЛҒА

Жумажанова А.А.

Ғылыми жетекшісі: PhD доктор, қауымдастырылған профессор Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті.

aminajumajanova250@gmail.com

Қарағанды қ.

XVIII ғасыр - қазақ халқының тағдырын айқындаған, ел бірлігі мен тәуелсіздігі сынға түскен күрделі тарихи кезең. Осы кезеңде мемлекет тұтастығы мен елдік мүдде жолында қайраткерлік қасиеті мен қолбасшылық шеберлігі жағынан ерекшеленген дара тұлғалардың бірі - Сәмеке хан (Азан шақырып қойған есімі Шахмұхаммет). Орыс архивтарында Сәмеке хан есімі «Шемяка» деген атпен кездеседі. Ол Тәуке ханның үлкен ұлы және Орта жүздің бірінші ханы. Сәмеке хан саясаткер, қолбасшы және халық тағдырына жауапкершілікпен қараған тұлға. Сәмеке ханның тегі туралы алғашқы мәлімет 1735 жылы қағазға түсірілген Нұрмұхаммет сарттын айтуымен байланысты [1, 168 б.]. Біз бұл дерекке қарап Сәмеке ханның Тәуке ханның ұлы екендігін біле аламыз. Алайда ең бір қызығы А.К. Тевкелев 1748 жылы қазақ хандарының шежіресі туралы мәліметтерлі келтірген кезде Сәмеке ханның бауыры Болат ханды ұлымен бірге жазып, Сәмеке ханның көзі тірісінде кездескеніне қарамастан ол туралы мәліметті жазбағандығын аңғарамыз [2, 8 б.].

Орта жүздің бұл ханы туралы мәліметтер өте аз. Сонымен қатар деректерге сүйенер болсақ Сәмеке ханның нақты туған жылы туралы ақпараттар берілмеген. Кей деректерде оның 1660 жылы туылған десе тағы бір деректе оны 1680 жылы дүниеге келген делінеді. Алайда мен Сәмеке ханның туған жылы 1660 жыл деген нұсқаға көбірек келісер едім. Себебі Тәуке ханның туған жылы туралы деректерде 1643-1645 жылдар шамасы көрсетіледі. Егер Сәмеке хан Тәуке ханның үлкен ұлдарының бірі болғанын ескерсек, оның 1660 жылдары дүниеге келуі тарихи-логикалық жағынан қисынды.

Бұл көзқарасты қазақ шежіресін зерттеген тарихшы С.Жолдасбайұлы да қолдайды. Ол өзінің «Қазақ хандары» атты еңбегінде Сәмеке ханның XVII ғасырдың орта шенінде туған болуы ықтимал екенін айтады. Сондай-ақ академик М.Қозыбаев қазақ жүздеріндегі хандық биліктің мұралану дәстүріне сүйене отырып, Сәмеке ханның саяси сахнаға XVII ғасырдың соңында шыққанын, демек оның туған жылын 1660 жылдарға жатқызуға болатындығын жобалайды. Қ.Салғарин де тарихи шежірелік деректерге сүйеніп, Сәмеке ханның Болат ханнан кейінгі, яғни шамамен 1658-1662 жылдары туған ұлдардың бірі екенін атап өтеді.

Ал 1680 жыл нұсқасын қолдайтын зерттеушілер қатарында А.Левшин мен К.Пишулинның еңбектерін атауға болады. Олар Сәмеке ханның сыртқы саясаттағы белсенділігі XVIII ғасырдың 20-30 жылдарына сәйкес келетінін негізге ала отырып, оның жасы шамамен 35-40-та болған деп болжайды. Алайда бұл пікірде нақты шежірелік дәлелдер аз, көбіне мұрағаттық сипаттамаларға ғана сүйене отырып айтылған.

Сондықтан Сәмеке ханның туған жылын нақты белгілеу мүмкін болмаса да, қазақ шежіреші ғалымдарының көзқарасына сүйене отырып, оны шамамен 1660 жыл деп алу тарихи тұрғыда орындырақ.

Орта жүздің алғашқы ханының аты аталуы туралы мәліметті біз сонымен қатар Ш.Құдайбердіұлы өзінің деректерінде Сәмекенің ағасы Болат ханның қайтыс болып, орнына хандық таққа отыруымен байланысты екендігін жазады. Бұл кезең қазақтар мен жоңғарлардың соғысының өрбіген және «Ақтабан шұбырынды» «Алқакөл сұлама» жылдарының басталған уақыты еді. Осыған байланысты көрнекті қазақстандық тарихшы, тарих ғылымдарының кандидаты И.В. Ерофеева осы мәліметтерді негізге ала отырып және Астарахань губерниясының канцелериясының құжаттарына сүйене отырып, Сәмеке ханның 1723 жылы Орта жүзде хандық билікте болғандығы туралы жазады [3, 90 б.] Сонымен біздегі деректерді қолдана отырып біз Сәмеке ханның Орта жүздегі найман, қыпшақтардың кейбір рулары және арғындардың бір бөлігіне соның ішінде атығай, қарауыл, қанжығалы, бәсентийн руларына билік жүргізген. Сонымен қатар Ш.Құдайбердіұлының дастандарына негізделген деректерге сүйенер болсақ тобықты руыныңда Сәмеке ханның билігі кезіндегі оқиғалармен байланысты екендігін көре аламыз. Ханның негізгі қоныстанған аумағы туралы нақты деректер жоқ, алайда біз қолда бар деректерге сүйенер болсақ Сәмеке ханның ордасы Түркістан болған және ханның балалық шағында осы Түркістанда өткен деседі себебі бұл кездерде Түркістанда әкесі Тәуке хан билік құрып отырған еді. Сәмеке ханның билігі жүрген бұл рулардың қоныстанған аумақтарын ескере отырып, оның билік ауқымының негізінен Орталық Қазақстанның негізгі бөлігі (қазіргі Қарағанды және Ақмола облысының аумақтары) деп қарастыруға болады. Алайда, оның билігі іс жүзінде номиналды яғни ықпалы төмен және Жоңғар шапқыншылығына байланыста тұрақты шекараға ие болмады. Демек, Сәмеке ханның таққа отырған уақыты Жоңғар шапқыншылығымен байланысты болып, жоңғарлардың шапқыншылығына қарсы күрес жүргізумен өткізеді. 1723 жылғы қазақтардың басына туған оқиғаға байланысты ел арасында аштық пен ресурстардың тапшылығына байланысты Орта жүздің ханы Сәмеке мен Кіші жүз ханы Әбілқайыр хандар арасында әскери одақ құрылады және Еділ қалмақтарына қарсы ірі екі жорық жасады. Олар төрт мыңнан астам (кей деректерде 40 мың деп көрсетіледі) әскер жинап, батысқа қарай Еділ қалмақтарының (Торғауыттардың) ханы Аюкенің иелігіне шабуыл жасайды. Жорық сәтті өтіп, қолға түскен мол олжа (мал-мүлік, азық-түлік) ауыр хәлге ұшыраған халық арасында бөліске салынады. Екінші жорық 1726 жылы жаз айларында ұйымдастырылды. Бұл жорыққа Сәмеке хан мен Әбілқайыр ханнан бөлек, ықпалды Барақ және Есім сұлтандарды қатысты. Бұл жорықта Әбілқайыр хан бас сардар болып тағайындалса, Орта жүз тарапынан бас сардар болып Сәмеке ханның тағайындалғандығын көру қиын емес. Осы оқиғаға байланысты Б.Е. Көмеков пен С.К. Өтенияз мәліметтерінде «... Осынау қырған шайқаста Әбілмәмбет, Барақ, Есім, Бұлқайыр сұлтандар секілді көптеген қазақ батырлары басқарған әскерлер ерлік көрсетіп, елдің сүйіспеншілігіне бөленді» деп жазылған. Бұл шайқаста қазақтардың әскерлеріне қарсы Қалмақ ордасының басшысы Аюкенің ханның ұлы Серен Дондук болды. Ол 30 мыңға жуық әскерімен қазақтарға тойтарыс беруге тырысқанымен, қазақтардың тегеуірінді шабуылына төтеп бере алмады. Төрт күнге созылған бұл ауыр шайқастан кейін Серен Дондук қазақтардың басымдығын мойындап, бітімшарт жасауға мәжбүр болды. Жасалған бітімшартқа сәйкес екі жақта сол жылы туған сәбилер ат жалын тартып мінгенше (яғни, шамамен 16-17 жас) бір-біріне қарсы әскери іс-қимылдар жасамауға келісті. Бұл келісімге сәйкес екі жақта бейбітшілік кепілі ретінде қанға қол матырып анттасады. Бұл екі жорықтың нәтижесінде және Орта және Кіші жүз хандарының бірлесіп күш салуы арқасында батыс шегарадағы жағдайды тұрақтандыруға септігін тигізді [4, 189 б.].

Сәмеке хан өзінің билігінің соңына дейін Орта жүздің шығыс және оңтүстік-шығыс шекараларын қорғаумен болды. Еділ қалмақтарына жасалған жорықтан кейінгі бұл кезеңдегі ең ірі оқиға 1729 жылы орын алған Аңырақай шайқасы болды. Бұл жалпы қазақ әскерлерінің жоңғарларға қарсы бағытталған ең ірі шайқасы болды. Сәмеке хан бұл ұрысқа Орта жүз әскерінің жетекшілерінің бірі ретінде қатысты. Аңырақай шайқасы аяқталғаннан кейін 1730 жылдың сәуір айында үш жүздің хандары: Жолбарыс, Сәмеке, Әбілқайыр хандар ұзаққа созылған ойраттармен болған шайқасқа нүкте қою мақсатында Қалдан Серенмен бітімге келеді [5, 77-81 бб.]. Жоңғарлармен болған келісімге қарамастан осы тұста Ресей империясының қол астындағы башқұрттармен, Еділ қалмақтарымен, Жайық және Орал казактарымен жағдай ушыға түседі. Бұл басқа түскен мәселені шешу мақсатында Әбілқайыр хан мен Сәмеке хандар 1730 жылдың көктемінде Ресей империясының шекарасына қарай жақындап келіп орнықты. Келісімге қарамастан қауіп толығымен тарқамай, қақтығыстар ара-арасында орын алып отырды. Осыған байланысты 1731 жылы Сәмеке ханның қасына Барақ, Әбілмәмбет сұлтандар, Шенебек батыры бар 6000 қол жиналып жоңғар қонтайшысына бармақ болғандығы туралы деректер кездеседі.

Шамамен 1730 жылы аға хан Болат қайтыс болғаннан кейін хан тағына үміткерлер арасында таққа талас туындады. Бұл тұста хан тағына үміткерлер ішінде Болат ханның туған бауыры, Орта жүздің ханы Сәмеке және Кіші жүздің ханы, даңқты қолбасшы Әбілқайыр болды. Алайда көпшіліктің шешімімен таққа Әбілмәмбет отырды. Бұл шешімге көңілдері толмаған Сәмеке мен Әбілқайыр өздерінің әскерлерін алып соғыс алаңынан кетіп қалады. Бұл шешім Сәмеке ханның ел билеуде тәжірибелі және беделді тұлға болғанына қарамастан, ел тағдырына үлкен қауіп төндірген еді [6, 85-86 бб.]. Соғыс алаңынан кеткен Сәмеке ендігіде Орта жүздің солтүстік және солтүстік-шығыс бөлігінде, яғни Есіл, Ертіс, Тобыл бойындағы жерлерде өз билігін нығайтуға кірісті. 1731 жылы Әбілқайыр хан Ресей империясына ант беріп, қамқорлығында болуға шешім қабылдайды. Дәл сол жылы Сәмекеде Ресейдің қамқорлығын сұрап, орыс патшайымына өтініш білдіреді. Ханның өтінішіне жауап ретінде орыс патшайымы Анна Иоанновна 1734 жылдың 10 маусымында Сәмеке хан мен оның халқын Ресей империясының қол астына алу туралы және олардан ант алу үшін арнайы грамота жібереді [7, 190-191 бб.]. Алайда, бұл грамота Сәмеке ханға жетпей қалған еді (немесе жеткен күннің өзінде хан оны қабылдамай қойды). Деректерге сүйенер болсақ оның бір себебі ретінде Сәмеке мен Әбілқайырдың бірге Түркістанға көшіп кетуі айтылады. Тарихшылар, мысалы, А.Мейердің пікірінше Сәмеке ханның грамотадан бастартуының артында терең саяси себеп жатты. Ол Ресейдің бұл ұсынысының артында алысты көздейтін, отаршылдық мүдделерін тез сезіп, өзінің ішкі тәуелсіздігін сақтап қалуға ұмтылды. Сонымен қатар, Сәмеке бұл оқиғаның Кіші жүз ханы Әбілқайырдың беделін тыс асқақтатып жәберетінін және өзінің көршісі болып табылатын Әбілқайырмен арадағы қарым-қатынасқа нұқсан келуі мүмкін екенін түсінді. Сол себептенде ол көп кешікпей Ресей билігіне бағынудан айнып, тіпті орыс селоларына (елді-мекендеріне) шабуыл жасап отырды. Орта жүздің Ресей империясына қатысты ұстанымы әуел бастан екіұшты болған еді. 1731 жылы 20 маусымда Бөгенбай батырдың орыс елшісі А.И. Тевкелевке Орта жүздің ханы Сәмеке мен сұлтандар Барак, Әбілмәмбеттің Ресей қол астына кіргедігі туралы хабардың бар екендігін жеткізеді. Алайда шамамен 1733 жылы А.И. Тевкелевтің сыртқы істер коллегиясына жасаған есебінде Әбілқайыр мен Сәмеке хандардың және бірнеше сұлтандар мен старшындардың ант бергендігі айтылғанымен, бір хан, екі сұлтан және бірнеше старшының қарсылық білдіргені туралы да жаза кетеді. Бұл фактілер Орта жүздің Ресейге бағынуында бірліктің болмағандығын және Сәмеке хан бастаған топтың тәуелсіздікті сақтау жолын таңдағандықтарын айқын көрсетеді. Алайда бастапқы кезеңде Сәмеке мен Әбілқайыр ұсынған шешімді дереу қабылдауы арқылы оның Көшек хан және Барак, Әбілмәмбет сұлтан бастаған орта жүздің беделді өкілдерінің қарсылығына тап болған еді. Сол себептенде Сәмеке Ресей империясына берген антты қарсы шығып, өзінің қол астындағылардың башқұрттарға жасаған жорықтарына кедергі келтірмей тіпті кей кезеңдерде өзінде әскерді бастап барып отырған. 1733 жылы Әбілқайыр ханның Ресей патшайымына жазған хатында «Менің бауырым Сәмеке хан жоғарғы мәртебелі сізге қарсы шығып, Орта жүзге қосылды, мен оны тәубесіне келтіре алмадым... сол үшін маған қаһарланбауыңызды сұраймын» деп жазған [7, 98 б.]. Алайда Орта жүздің 1732 жылдың аяғы мен 1733 жылдың басында башқұрттарға бастаған жорықтары башқұрттардың қаратабын руының батыры әрі тарханы Таймас Шаимов бастаған қалың қолдан жеңіліс тапқан. Осындай сәтсіз жорықтардың қайталануы салдарынан И.Ерофеева пікірі бойынша Сәмеке қайтадан Ресей бодандығын қабылдау мақсатында өтініш жасаған деп болжайды. Тарихшы В. Витевскийдің қалдырған мәліметтеріне қарағанда Сәмеке А.И. Тевкелевтің «Ресей бодандығын қабылдау, Жайық өзені бойында қала салу және қала істерін шешуге әр рудан өкіл жіберу» туралы ұсынысын қабылдаған. Ал Орынбор экспедициясының басшысы И.Кирилов 1734 жылы 1 мамырда жазған өзінің баяндамасында Сәмеке хан басқарған ордада 20000 түтіннің бар екендігін және Ресейдің бодандығын қабылдамай оларға қарсы көзқарасты ұстанып отырғандықтарын жазған. Алайда көп ұзамай Орта жүз өкілдерінің көзқарастары өзгеріп олар Ресей империясының бодандығын қабылдау дұрыс деп тапқандықтарын көре аламыз. Олар 1735 жылы 20 желтоқсанда Сыртқы істер коллегиясына хат жолдап, Әбілқайыр хан жасаған шарт негізінде Ресей патшасына бағынатындықтарын мәлімдеді [8, 122 б.]. Бұл тұста қазақ-башқұрт қарым-қатынастарыда жаңа деңгейде болған еді. 1734-1736 жылдары башқұрттардың Ресей империясына қарсы орын алған көтерілісінде қазақтар өздерінің шекараларына сақ болса, Ресей империясы қазақ халқына арналған өздерінің саясаттарын тежей тұруға мәжбүр болады. Осы аралықта башқұрттықтар қазақтардан көмек сұрап бірқатар сұлтандармен кездесулер өткізеді. Бұл тұста Сәмеке хан Түркістанға көшіп кеткен еді. Шекарада болып жатқан оқиғалардан шалғайда болғанына қарамастан Сәмеке хан тікелей бұл оқиғалармен байланысты болды. 1737 жылы Сәмеке ханның атынан Балтабай батыр бастаған елшілік Орынборға келіп «Жоңғарлар мазамызды алды, сізден қорған іздеп, қарауыңызға кіргіміз келеді» деген хабарды жеткізеді. Осы жылдың 31 мамырында Сібір драгун полкінің полковнигі И.Арсеньев Сібір губерниясының кеңсесіне башқұрттардың Сәмеке ханнан көмек сұрау мақсатында 12 адамнан тұратын елшілік жібергендігін және Сәмеке мен Әбілқайырдың 40 жасауыл бастаған сарбаздарын жіберуге уәде еткендігін хабарлайды. Осылайша Сәмеке ханның көмек көрсетуімен Орта

жүз башқұрттардың ұлт-азаттық көтерілісіне араласа бастайды. Осы кезде Ресей империясы қазақ жеріндегі ситуацияны қайта қолға алып, Кириловтың өліміне байланысты Сәмеке ханнаң бодандыққа ант қабылдауды 1737 жылы 26 қыркүйегінде құпия кеңесші болып табылатын В.Татищевке тапсырады. Алайда 1738 жылы 10 тамызда Құлымбет Тевкелевтің Орынборға жолдаған хатында Әбілмәмбет сұлтанның Сәмеке ханның қайтыс болуына байланысты Түркістанға хан тағына отыру үшін кеткендігі туралы хабарлайды [9, 191-192 бб.]. Алайда Сәмеке ханның нақты қайтыс болған жылы туралы деректер бірізді емес. Қазақ және орыс шежірелік материалдарын салыстыра талдағанда, зерттеушілердің басым бөлігі оның 1737 жылдың соңы немесе 1738 жылдың басында өмірден өткенін жобалайды. Себебі осы уақыттан кейінгі тарихи оқиғаларда Сәмеке хан есімі кездеспейді және хандық билік оның мұрагері Әбілмәмбет ханның қолына өткен. Бұл пікірді отандық тарихшы С. Жолдасбайұлы, сондай-ақ М. Қозыбаев пен орыс зерттеушісі А. Левшин еңбектерінде байқауға болады [10, 70-80 бб.].

Сәмеке ханның өліміне байланысты тарихта екі негізгі нұсқа бар. Бірінші нұсқа бойынша оның өлімі ішкі саяси алауыздықпен байланыстырылады. Бұл жерде әсіресе Орта жүздің ықпалды сұлтаны Барақ сұлтанның есімі аталады. Қазақ шежірешілері мен кейбір тарихшылардың (Қ.Салғарин, М.Қозыбаев) еңбектерінде Сәмеке ханның Барақ сұлтанмен арадағы билік таласы кезінде немесе сол алауыздықтың нәтижесінде қаза тапқаны айтылады. Алайда бұл деректер нақты дәлелдермен расталмаған, көбіне ауызша тарихи жадқа негізделген.

Ал екінші нұсқада Сәмеке ханның өлімі жоңғарлармен немесе башқұрттармен болған шайқастардың бірінде орын алған делінеді. Бұл пікірді әсіресе орыс мұрағат деректерін зерттеген Вяткин мен Пищулина еңбектерінен кездестіруге болады. Дегенмен шайқаста қаза тапқан хан туралы мұрағаттық нақты жазба болмағандықтан, бұл да тек болжамды нұсқа ретінде қаралады.

Сәмеке ханның жерленген жеріне қатысты деректер әлдеқайда нақты. Тарихи-рухани маңызы жоғары Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде қазақтың көптеген хандары сынды Сәмеке ханның сүйегі де осы жерде жерленгені туралы деректер «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің Музей-қорықтың ғылыми-анықтамалық құжаттары мен материалдарында кездеседі. Бұл ақпаратты Түркістандағы хан бейіттерінің ресми тізімі, сондай-ақ шежірелік зерттеулер растайды. Қорытындылай келе, Сәмеке хан Қазақ хандығының сыртқы және ішкі саясатында айтарлықтай із қалдырған тұлға. Оның билікке келген кезеңі өте шиеліністі кезеңмен тұспа-тұс келген еді. Осындай жағдайда Сәмеке хан дипломатиялық икемділікті, саяси салмақтылықты және әскери жетекшілік қабілетін көрсете білді. Сәмеке ханның халықаралық қатынастар жүйесіндегі әрекеттері Қазақ хандығының геосаяси кеңістіктегі орнын сақтап қалуға және сыртқы күштердің қысымын теңестіруге мүмкіндік берді. Ханның Ресей империясымен байланыс орнатуы және антын орындауындағы әртүрлі әрекеттері, сондай-ақ өз әскери күшін ұйымдастырудағы шешімдері, қазақ халқының саяси тағдырына тікелей әсер етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа XVIII-XIX вв. - Алматы: ТОО «Print-S», 2003. - 178 с.
2. Ахметов А.К. Сәмеке хан әулеті. Хан-сұлтандар шежіресі: Зерттеу. Көптомдық. - IV том. - Нұр-Сұлтан: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2020.
3. Мұқтар Ә.К., Сыдықов Е.Б. XVII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығы /Әбілсейіт Мұқтар, Ерлан Сыдықов. - Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, Мереке baspasy, 2015. - 668 б.
4. Әбілқайыр хан. Жинақ. Құраст. К. Есмағамбетов - Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. - 328 б.
5. Аныракайский треугольник: историко-географический ареал и хроника великого сражения / Ерофеева И.В., Аубекиров Б.Ж., Рогожинский А.Е., Калдыбеков Б.Н., Жанаев Б.Т., Кузнецова Л.Л. - Алматы: Дайк-Пресс, 2008. - 276 с.
6. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінгі күнге дейін). Бес томдық. 3-том. Алматы: Атамұра, 2010. - 768 бет.
7. Ерофеева И. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик. Научное издание. - Алматы, Санат, 1999.
8. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. (Сборник документов и материалов), - Алма-Ата: Наука, 1961. - 744 с.
9. Левшин А.И. Описание Киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей (под общей редакцией академика М.К. Қозыбаева). Алматы, Санат, 1996. - 656 с.
10. Қозыбаев Манаш Қабашұлы: Биобиблиографиялық көрсеткіш / Құраст.: т.ғ.к. З.М. Төлєнова, т.ғ.д. С.О. Смағұлова. Библиог. ред: С.О. Смағұлова, З.М. Төлєнова. - Алматы: «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасы, 2021. - 280 б.